

## БӨЛІМ: МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП

## Әртүрлі заттар тобын салыстыру және теңеу

ЖАРИЯЛАНДЫ  
17.06.2017СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/14982/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Уалиева Жанаргул Муратовна****Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті****Білім беру саласы:** «Таным».**Бөлімі:** ҚМТҚ**Тақырыбы:** «Әртүрлі заттар тобын салыстыру және теңеу».**Мақсаты:** Таңертең (таң) — тәулік бөлігімен таныстыру.

**Міндеттері:** Таңертең тәулік бөлігімен таныстыру; осы сөздерді сөйлеу барысында қолдану; таныс заттарды көлеміне қарай (үлкен — кіші) және санына қарай (бір — көп) салыстыруды үйрету; қоршаған ортадан бір және көп затты таба білуді дамыту. Шыдамдылыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу.

**Қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер:** Әр балаға жұмыс дәптері, бір жұмсақ ойыншық – аю, қара қарындаш, 3 аю бейнеленген сурет-карточка, аюлардың әрқайсысына 3-тен бал салынған бөшкелер.

**Сөздік жұмыс:** бірдей.**Билингвальді компонент:** бірдей-поровну.**Ғажайып сәт.** «Аю»

-Мен балабақшаға келе жатып, жолда мына аюды кездестірдім. Ол қонжықтарына бал салынған бөшкелердің жететін-жетпейтінін біліп беруді сұрайды.

-Қалай, оған көмектесеміз бе?

Балалар тәрбиешінің айтқанын тыңдайды.

-Иә.

**«Жете ме» ойыны.**

Балалардың назарын әрқайсысының үстелінде бейберекет жатқан үш аю бейнеленген сурет-карточкаға және екі бөшкесі бар тәрелкеге аударады.

-Суреттегі қонжықтар көңілсіздеу ме, қалай? Қонжықтарды немен қуантуға болады? Таптым, оларға бал салынған бөшкелерді сыйлайық, қонжықтардың бәріне бөшкелердің жеткенін тексеріп көрейік.

-Қонжықтардың әрқайсысына бал салынған бөшкенің жеткен-жетпегенін қайдан білеміз?

-Қонжықтарға бөшкелер жетті ме?

-Қайсысы көбірек – қонжықтар ма, әлде бал салынған бөшкелер ме?

-Олар бірдей болу үшін не істеу керек?

Тәрбиеші әрқайсысына тағы да бір-бір бөшкеден таратады.

-енді қанша бөшке болды?

-Қайсысы көбірек: қонжықтар ма, әлде бал салынған бөшкелер ме? Балалар қонжықтар бейнеленген карточкаларға назар аударады.

-Балы бар бөшкені қонжықтардың үстіне қою керек.

-Жоқ.

-Қонжықтар көбірек.

-Бал салынған тағы бір бөшке керек.

-Қонжық қанша болса, бөшке де сонша болды.

-Бірдей болды.

**Сөздік жұмыс:** бірдей.

**Билингвальді компонент.** Бірдей – поровну.

**Сергіту сәті:** «Қоян»

Ыршып-ыршып секіріп,

Қоян келді кеңкиіп.

Аяқтары жаураған,

Жылытпақ боп тырысты

Жүгірді де қуысты

Бір жоғары, бір төмен

Жүр аяқтың ұшымен

Секіреміз, отырамыз,

Аяқтарды жылытамыз.

**«Қояндар қонақта» ойыны.**

Жұмыс дәптеріндегі 15 – оқу іс-әрекеті, 1-тапсырма.

Тәрбиеші балалардың назарын қояндар бейнеленген суретке аударады.

-Қояндар не жегенді жақсы көреді?

-Сәбізді, орамжапырақты.

-Қайсысы көбірек: қояндар ма, сәбіздер ме?

-Сәбіз қанша болса, қояндар да сонша.

-Қояндардың бәріне сәбіз жете ме?

-Иә

Бұны тексеріп көрейік, әр қояннан сәбізге қарай жол салайық, сөйтіп оларды қонақ етейік.

Балалар сәбізден қоянға дейін жол салады.

Балалар тапсырманы орындайды.

**«Моншақты жина» логикалық ойыны.**

(15 – оқу іс-әрекеті, 2-тапсырма)

Үлестірмелі материал – жапсырмалар.

Тәрбиеші балаларға жоғарыда көрсетілген моншақтар сияқты жіпке геометриялық фигуралардан тізу керектігін айтады.

-Моншақтарды қандай геометриялық фигуралардан жинадыңдар?

Геометриялық фигураларды төмендегі жіпке жапсырады.

-Шаршы, дөңгелек, үшбұрыш.

-Аю сендерге оның қонжықтары үшін, балы бар бөшкелерді санап бергендерің үшін

алғыс айтады. Аю балалармен қоштасады.

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі  
© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.